

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ  
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының  
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции  
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ  
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th  
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND  
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

#### Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0  
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

## ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КӘСІП ТАҢДАУҒА БАҒДАРЛАУ

Рамазан Ә.Б., Атемова Қ.Т.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**Абстракт.** В статье затрагивается проблема профориентации старшеклассников. Цель статьи - поделиться научным опытом организации профориентационной работы школьниками в выборе профессии. В результате анкетирования старшеклассников определяются их установки и мотивы выбора профессии. На основе исследований отечественных и зарубежных ученых, даны конкретные рекомендации для старшеклассников по выбору профессий.

**Ключевые слова:** старшеклассники, выбор профессии, направленность, способности, интерес.

**Abstract.** The article touches upon the problem of vocational guidance for high school students. The purpose of the article is to share the scientific experience of organizing career guidance work by schoolchildren in choosing a profession. As a result of the survey of high school students, their attitudes and motives for choosing a profession are determined. Based on the research of domestic and foreign scientists, specific recommendations are given for high school students on choosing professions.

**Key words:** high school students, choice of profession, orientation, abilities, interest.

Мемлекеттің ілгері дамып, өркениеттілікке қол жеткізуі ең алдымен мамандардың кәсіби біліктілігіне байланысты екені белгілі. Осы тұста қоғам ілгері жылжыған сайын мамандардың кәсіби қалыптасуына қойылатын талаптар да күшейіп келеді. Болашақ мамандарды даярлау мәселесі мемлекеттік деңгейге көтеріліп, нақтылы талаптары айтылып жүр. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында кәсіп таңдау мен маман даярлау мәселесі нақтылы қарастырылып, міндеттерді алға тарқан болатын. Онда:

1. Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту қажет.

2. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыра отырып, оқушыларға кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізудің берегей жүйесін қарастыру қажет, -деп көрсетілген [1].

Кәсіптік бағдар беру – жастардың (оқушылардың, білім алушылардың) мамандық таңдауына көмектесуге бағытталған шаралар жүйесі болып табылады. Бүгінде адамның белгілі бір қызмет түріне, кәсіптерге бейімділігін анықтау үшін орта білім беру жүйесінің жоғары сыныптарында өткізілетін арнайы сынақтар кеңінен қолданылады. Жұмыспен қамту орталықтары да кәсіпті таңдауда талапкерлерді сынақтан өткізеді. Осылайша кәсіптік бағдар жұмысы балаларға кәсіпті таңдау жасауға, кәсібіне байланысты ақпараттандыруды күшейту мақсатында білім беру траекториясын құруға көмектесуге арналған іс-шаралардың бүкіл кешенін қамтиды. Әйтсе де, осындай жұмыстарда психологиялық аспект назардан тыс қалып жатады.

Біздің елімізде жастарға кәсіптік бағдар берудің рөлі ерекше өзекті және маңызды. Бұл қызметтерге халықтың да сұранысы артып келеді. Оның бірқатар өзіндік себептері бар. Нақты айтқанда,

біріншіден, мамандықтар саны мен түрі сараланып, университеттер саны мен жұмыс бағыттары айтарлықтай өсті. Сондықтан, көптеген жастар үшін мамандық таңдау жасау қиынға соғады, тиісінше, бұл жағдайда көмектің өзектілігі арта түсті.

Екіншіден, халықтың кәсіптік бағдар берудің қажеттілігін түсінуі мен психологиялық қызметке деген сенімі бірте-бірте қалыптасып келеді. Жасыратыны жоқ, ата-аналардың

өздері мектепте оқып жүрген балаларына кәсіптік бағдар беруді көбінесе жоғары білім беру мәселесімен бетпе-бет келгенде ғана ойлана бастайды. Ересектердің өздері кәсіп таңдау мәселелеріне, қайта даярлауға, жаңа білім алуға, сондай-ақ мансап бойынша кеңес алуға қатысты мәселелерді шешуге бәрі бірдей бейім емес. Сондықтан, жоғары сынып оқушыларына кәсіби өзін-өзі анықтауда, оқушының өсуін ынталандыратын жағдай жасауда нақты психологиялық көмек қажет. Сонда ғана жоғары сыныпқа келген мектеп оқушысы болашақ мамандығын таңдауда жауапкершілікті өз мойнына ала алады. Әрине, оқушының мамандық таңдауына бағдар беруге мектеп психологы қызметінің рөлі маңызды. Әйтсе де, психологтың сүйемелдеуі мен қолдауы негізінде жоғары сынып оқушысы өзі таңдау жасауға және шешім қалдауға келуі тиіс. Ол үшін жалпы орта білім беру мектебінің жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауы бойынша диагностикалық зерттеу жүргізілуі және соның нәтижесінде оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірленуі қажет.

Кәсіби өзін-өзі анықтау түсінігіне М.Г.Магомедова өзінің «Профессиональное самоопределение личности» деген мақаласында «Кәсіби өзін-өзі анықтау дегеніміз – жеке тұлғаның жалпы мамандықтар әлеміне және нақты таңдаған кәсіпке деген таңдамалы қатынасы» деп анықтама берген болатын[2]. Ал, И. Концтың пікірінше, адамның кәсіби өзін-өзі анықтауы оның балалық шағынан басталады. Бала ойын барысында әртүрлі кәсіби рөлдерді алып, соған байланысты мінез-құлықтарға еліктейді. Егер біз осы ойындарға мұқият қарасақ, ондағы балалар кәсіби қызметтің нақты атрибуттарын символдық ауыстырудың барлық түрлеріне оңай және ықыласпен баратынын байқау қиын емес (Мысалы: орындық – «дүңгіршег», қағаз – «ақша»). Кәсіби өзін-өзі анықтау адамның болашақ өміріне әсер ететін құбылыстармен байланысты шешім қабылдау қажет болған кезде, ерте жаста аяқталады[3].

Психолог-кеңесші өзінің кәсіби қызметін бастағанда психологиялық даму заңдылықтары мен белгілі бір жаста болатын жаңа құрылымдар туралы нақты түсінікке ие болуы керек. Бұл білім оқушының психологиялық даму деңгейін неғұрлым саналы түрде бағалауға, білім алушының жас ерекшеліктерін ескере отырып өзара әрекеттесу жоспарын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жас ерекшеліктерін білмей, кәсіби өсу перспективасын құру өте қиын міндет болып табылады. Сондықтан, жасөспірімдік және жастық шақтағы тұлғаның қалыптасуының психологиялық ерекшеліктерін қарастыру қажет.

Райс Ф. өзінің «Психология подросткового и юношеского возраста» еңбегінде «Жасөспірімдік шақ – сыншылдық, логикалық ойлаудың қарқынды дамып келе жатқан, айналадағының бәрін білуге деген құштарлықтың, белсенділіктің, бастамашылдықтың, батылдықтың, сондай-ақ адамгершілік және эмоционалдық дамуының жасы. Жасөспірімнің денесінде де, оның психикалық әлемінде де елеулі өзгерістер орын алады. Бұл жаста тұлғаның қалыптасуы жалғасады, интеллектуалдық және ерікті сипаттағы қасиеттердің одан әрі дамуы жүреді. Жасөспірім белсенді, яғни жыл өткен сайын абстрактілі ойлау қабілеті мен шығармашылық ойлауының қалыптасуы арта түседі. Оның сезімдері тез дамиды. Эмоциялық тәжірибелер тұрақты болады» деп қарастырған болатын [4, -25 б.]

Жасөспірімдердің психологиялық дамуына жетекшілік ететін тәрбиелік, еңбек-өндірістік, қоғамдық-ұйымдастырушылық, көркемдік, спорттық іс-әрекеттерді қамтитын қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер кешені кіреді. Жетекші Іс-әрекет жасөспірімнің тұлғалық қалыптасуының жетекші факторы ретінде барынша айқын ашылады. Қызығушылықтар білім, білік, дағдыларды меңгеруге, сонымен қатар адамның ой-өрісін кеңейтуге үлкен ынталандырушы күш ретінде әсер етеді.

Кәсіби бағдар жұмысында оқушы өзіне келесідей сұрақтар қойып, жауап беруі тиіс: «Мен кімін? Мен қандаймын? Мен неге ұмтыламын?». Бұл жасөспірімдер бойында қалыптастыру қажет қасиеттерді белгілеп алуға мүмкіндік береді. Оның құрылымы:

1) өзіндік сана – өзіне деген біртұтас көзқарас, өзіне деген эмоционалды қатынас, өзінің сыртқы келбетін бағалауы, ақыл-ой, адамгершілік, ерік қасиеттері, өзінің күшті және

әлсіз жақтарын сезіну, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеу секілді сапаларын байқай білуге қабілетті болуы. Олардың негізінде мақсатты мүмкіндіктер пайда болады;

2) бұрын алған білімдерінің едәуір көлеміне және теориялық-абстрактілі ойлаудың дамыған қабілетіне негізделген, онсыз алшақ білім қосылмайтын көзқарастардың, білімдердің, нанымдардың, өмірлік философияның тұтас жүйесі ретіндегі өзіндік дүниетанымын бір жүйеге келтіру;

3) айналадағының бәрін жаңаша және сыни тұрғыдан түсінуге, өзінің тәуелсіздігі мен өзіндік ерекшелігін бекітуге, өмірдің мәні, махаббат, бақыт, саясат және т.б. бағалы білуі.

Жоғары сынып оқушылары бір-бірінен тек темпераменті мен мінезімен ғана емес, сонымен қатар қабілеттерімен, қажеттіліктерімен, ұмтылыстары мен қызығушылықтарымен, өзіндік сана-сезімінің әртүрлі дәрежелерімен айтарлықтай ерекшеленеді[5].

8-9 сынып оқушыларының психологиялық ерекшелігі қарқынды әлеуметтенуімен де байқалады. Өйткені, әлеуметтену процесінде жоғары сынып оқушысы үшін өзін-өзі анықтау маңызды процеске айналады. Бұл жас болашақ мамандығы бойынша өзін-өзі жобалауға ұмтылумен сипатталады. Соған сай бұл оқушылардың дамуын ынталандырады. Олар өзін-өзі тәрбиелеу процесіне оңай енеді, өз құндылықтарының маңызын арттырады. Оқушылар бірте-бірте негізгі бейімділіктер мен қабілеттерді мамандық таңдауға дайындымен байланысты дамытады. Бұл өзін-өзі анықтауға және кәсіби дайындықты қалыптастыруға негіз бола алады.

8-9 сынып оқушыларының дәстүрлі күтетін құбылысы 9-сыныптан кейінгі «Қайда оқуға бару керек» мәселесі. Оқушылардың мамандықтарға деген қызығушылықтары жоғарылайды, кәсіптік оқу орындарына қызығушылықтар байқалады. Жоғары сынып оқушылары факультативтік пәндерді таңдайды, олардың кәсіби жарамдылығына қызығушылық таныта бастайды. Осы тұста Рогов Е.И. «Выбор профессии: Становление профессионала» деген еңбегінде «Жалпы идеологиялық ізденіс өмірлік жоспарларға негізделіп, нақтыланады» деп айтқан болатын [6]. Өмірлік жоспар – бұл кең ұғым. Ол жеке өзін-өзі анықтаудың бүкіл саласын қамтиды – моральдық мінез-құлық, өмір салты, талаптар деңгейін қарастыратын кешенді жоспар деуге де болады.

Психологиялық қолдаудың маңызды тұстарын қарастырудың алдында статистикаға жүгінсек, мынадай көрсеткіштерді көреміз. 2021 жылдың 9 айында (қаңтар-қыркүйек айлар аралығында) «Балалардың суициді» статистикасы бойынша елімізде 109 бала өзіне қол жұмсады, сонымен қоса 200-ге жуық бала қол жұмсауға әрекет жасаған болатын. Өзіне қол салған 109 баланың 60%-ы 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер болып табылады. Осы жас аралығында өзіне қол салудың басты себептеріне болашақ мамандықты таңдай алмау; ҰБТ-ге деген үрейі; мектеп іші буллингi; оқуда деген проблемалары; соңғы орындағы себепте, үй ішіндегі проблемалар болып табылған[7]. Сондықтан, жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдау мәселесінің аясында психологиялық қолдау жұмысы да қосарлана жүргізілуі қажет.

Психологиялық қолдау, сүйемелдеу деген түсініктерді толықтай түсінуде түсіндірме сөздіктерге жүгінетін болсақ, «сүйемелдеу» дегеніміз біреумен қатарлас, бірге серік, еріп жүру дегенді білдіреді» [8, -689 б.] екен. Демек, кәсіби өзін-өзі анықтауда психологиялық сүйемелдеу – бұл өзгермелі тұлғамен бірге қозғалыс, оның жанында мүмкін болатын жолдарды дер кезінде көрсету, қажет болған жағдайда көмек және қолдау болып табылады.

Бұл қолдауды кім береді? Ілеспе адамдар көп: ата-аналар, туыстар, мұғалімдер, достар. Құзыретті және өнімді психологиялық қолдауды кәсіби психолог – кеңесші көрсете алады. Психолог адамға кәсіби даму траекториясын таңдауда көмек пен қолдау көрсетеді, оған өз пікірін таңып қоймай, нұсқауларды белгілеуге көмектеседі.

Мұндай психологиялық қолдаудың мақсаты жеке тұлғаның кәсіби-психологиялық мүмкіндіктерін толық іске асыру және қызмет субъектісін қанағаттандыру болып табылады. Жеке тұлғаның кәсіби дамуын психологиялық қамтамасыз етудің маңызды міндеттерінің бірі – жеке тұлғаға дер кезінде көмек пен қолдау көрсету ғана емес, оны осы процестің қиындықтарын өз бетінше жеңуге, оның дамуына жауапкершілікпен қарауға үйрету болып

табылады. Бұл мәселені шешу қажеттілігі әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздыққа, өмірдің көптеген өзгерістеріне, жеке психологиялық ерекшеліктерге, сондай-ақ кездейсоқ жағдайларға байланысты.

Психологиялық қолдау жеке тұлғаның кәсіби дамуына, кәсіби өзін-өзі нығайтуға, адекватты өзін-өзі бағалауды қолдауға, жедел көмек пен қолдау көрсетуге, өмірді өзін-өзі реттеуге бағытталған бағыттылық өрісін құруды көздейді.

Мұнда мектеп психологы жүргізетін кәсіби кеңес берудің маңызы зор. Жоғары сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру және кәсіптік кеңес беру жұмысының негізгі міндеті – жасөспірімнің өзіндік белсенділігін оятуға жан-жақты үлес қосу. Сондықтан, мамандық таңдауда келесі жағдайларды ескеру қажет:

- экономикалық ауданның белгілі бір кәсіп пен біліктіліктегі кадрларға деген сұранысы;
- мамандықтың адамның денсаулық жағдайына, психофизиологиялық қасиеттеріне, психологиялық қасиеттеріне қоятын талаптары;
- ортаның кәсіби және білім беру мүмкіндіктері;
- кәсіби өсу, мансап, біліктілікті арттыру перспективалары;
- қарсы көрсеткіштер мен жас және жыныс бойынша шектеулер.

Бұл жағдайларды ескерумен қатар психолог мамандықты қате таңдаудың негізгі себептерін де ескеруі қажет. Олар:

- өмірлік баспана таңдау сияқты мамандық таңдауға деген көзқарастың болуы. Олай болмаған жағдайда қоғамның қарқынды экономикалық дамуы мен техникалық прогресс жағдайында адам өмірінде өз мамандығы мен кәсібін жиі өзгертуіне тура келеді;

- ар-намысқа нұқсан келтіру – беделді емес және «әдепсіз» деп саналатын кейбір маңызды мамандықтарға негізсіз көзқарас;

- достарының, туыстарының, таныстарының тікелей немесе жанама ықпалымен мамандық таңдау;

- адамға – белгілі бір кәсіптің өкіліне – кәсіптің өзіне деген көзқарастың ауысуы;

- мамандықтың сыртқы немесе қандай да бір жеке жағына ғана құштарлық. Мұндай тартымды мамандықтарға менеджер, модель, ұшқыш, актер, т.б мамандықтарды жатқызуға болады;

- мектеп пәнін кәсіппен сәйкестендіру;

- өзінің физикалық мүмкіндіктері мен қабілеттерін білмеу немесе бағаламау;

- таңдаған кәсіптің еңбек әрекеттері мен операцияларының негізгі мазмұнын білмеу немесе ол туралы әлсіз түсініктің болуы [9, -164-168 б.]

Мамандық таңдауда психологиялық көмекті психолог негізінен екі жолмен жүзеге асырады: жеке психологиялық кеңес беру және топтық жұмыс арқылы. Жоғары сынып оқушыларына кәсіби өзін-өзі анықтауда, оқушының өсуін ынталандыратын жағдай жасауда нақты психологиялық көмек қажет, соның нәтижесінде ол сол немесе басқа кәсіби таңдау үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алады. Жоғары сынып оқушыларының психологиялық ерекшелігі – өзіндік «Меніне» деген қызығушылықтың артуымен де сипатталады. Белгілі бір мамандыққа қызығушылық негізінде оқушының кәсіптік бағдарын қалыптастыру процесі мектептегі өткен жылдармен салыстырғанда әлдеқайда қарқынды жүзеге асырылады. Бұған жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауының жақын болашағымен байланысты әлеуметтік жағдайы ықпал етеді. Бұл жаста кәсіптік бағытты қалыптастырудың негізгі қозғаушы күші – мамандық таңдау қажеттілігі, бір жағынан, тұлғаның әртүрлі қажеттіліктері мен мүдделерінің сфераларын қозғалысқа келтіреді. Екінші жағынан, қызығушылықтардың ауқымы белгілі бір қабілеттердің, қажеттіліктер мен дағдылардың деңгейін, жеке тұлғаның пәндік-практикалық және теориялық тәжірибесінің кеңдігін қамтамасыз етеді.

Кәсіби өзін-өзі анықтау субъектісінің қалыптасуы үш кезеңнен өтеді. Жүйелі үш сатылы кәсіптік бағдар беру жұмысы барысында оқушы бірте-бірте ықпал ету объектісінен кәсіби өзін-өзі анықтау субъектісіне айналады. Бұған жұмыстың жалпы белсендіруші нысандары (Мысалы: бос орындар жәрмеңкесі, кәсіптік бағдар беру аптасы, іскерлік ойындар және т.б.) ықпал етеді.

Оқушылардың кәсіби құзіреттілігін кеңейтуге көмектесетін, субъектінің қызметін реттейтін, өзіне оң көзқарасты, өзгерістерге дайындығын, баламаларды көре білу қабілетін, жауапкершілік және тәуелсіз таңдауға көңіл бөлу сияқты сапаларды қалыптасуы болып табылады. Жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмысы оқушыларға бірте-бірте кәсіптік бағдар беру мәселелерін өз бетінше шешуге дайындықты қалыптастырады, осылайша ішкі белсенділік қалыптасады, т.б. оқушы кәсіби өзін-өзі анықтау субъектісіне айналады.

Жоғары сынып оқушыларына арналған кәсіптік бағдар беру бағдарламасын беру арқылы оларды өз қабілеттері мен қызығушылықтарын ескере отырып, мамандық таңдауға бағдарлай аламыз.

Кәсіптік бағдар беру бағдарламасы келесі қадамдарды қамтиды:

1. Жоғары сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысы. Мақсаты – кәсіби өзін-өзі анықтауда көмекке мұқтаж оқушылар тобын анықтау.

2. Респонденттердің тілектерін, мамандықтар туралы білімдерін және болашаққа жоспарларын анықтау мақсатында оқушыларға сұрақ қою.

3. Интеллект деңгейін анықтауға арналған психологиялық зерттеу жүргізу (Amthauer intelligence structure test).

4. Қызығушылықты анықтауға арналған психологиялық зерттеу жүргізу (Резапкина өзгерткен Голомштоктың қызығушылық картасы).

5. Жоғары сынып оқушыларының қабілеттерін анықтауға арналған психологиялық зерттеулер жүргізу (ДДС).

6. Кәсіби сабақтар кәсіптік бағдар беру бойынша сұрақтарды теориялық қамтуды, сондай-ақ компьютерлік тестілеу нәтижелерін талдауды көздейді.

7. Кәсіптік білім білім алушыларды кәсіптердің сипаттамасын, кәсіптік оқу орындары туралы мәліметтерді және еңбек нарығының жай-күйін қамтитын өзекті және шынайы ақпаратпен қамтамасыз етуді көздейді. Оларға «21 ғасырдағы мамандықтар», «еңбек нарығындағы ең перспективалы және сұранысқа ие мамандықтармен танысу», «университеттердің рейтингі» сияқты тақырыптарды енгізуге болады.

8. «Балаңызға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу.

9. Жоғары оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептерде, лицейлер мен колледждерде өтетін ашық есік күндері туралы ақпарат беру.

10. «Барлық мамандықтар маңызды» шығармашылық жобалар байқауын өткізу.

11. Кәсіпорындарға экскурсиялар жасау.

12. Тұлғаның ішкі ресурстарын анықтау және кәсіби өзін-өзі анықтау процесінде өзін-өзі танудың жолдарын ашу мақсатында кәсіби кеңестер беру (топтық және жеке).

13. Тұлғаның өсуіне, өзіне деген сенімділігін арттыруға, коммуникативтік құзыреттілікке жетуге, шығармашылықты дамытуға бағытталған тренингтер өткізу.

14. Рөлдік, симуляциялық, кәсіптік бағдарлау ойындарын ойнау.

## Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан. 2020.

2. Магомедова М. Г. Профессиональное самоопределение личности // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 15. – С. 26–30. – URL: <http://e-koncept.ru/2016/86905.htm>.

3. Зеер Э.Ф. Психология профессионального самоопределения в ранней юности: Учеб. Пособие/Э.Ф. Зеер, О.А. Рудей.- М.:Издательство МПСИ;Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2008. -С.236 с.

4. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. - СПб., 2000.-С.25.

5. Кулагина И.Ю. Колюцкий В.Н. Возрастная психология: Полный жизненный цикл развития человека. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений.- М.:ТЦ Сфера, 2006. –С. 154.
6. Рогов Е.И. Выбор профессии: Становление профессионала. / Е.И. Рогов - М.: ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. –С. 68.
7. <https://ru.sputnik.kz/20210915/Bolshe-100-podrostkov-v-Kazakhstane-sovershili-suitsid-s-nachala-goda-18140343.html>
8. Тюшев Ю.В. Выбор профессии: тренинг для подростков СПб.: Питер, 2007. - 689 с.
9. Пряжников Н.С. Профорентация в школе и колледже: игры, упражнения, опросники (8-11классы).- М.:ВАКО, 2006.-С. 164-168.

## **ПЕДАГОГ-ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ҚАЗАҚША КҮРЕС ТАКТИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ**

**Рахимбаев Ж.Р.**

Нұр Сұлтан қаласы № 69 мектеп-гимназиясы

**Жалгабаев Б.Ж.**

Шығыс Қазақстан Облысы, «Би Боранбай атындағы орта мектебі» КМК

**Байсарин М.С.**

Шығыс Қазақстан Облысы, «Қара-Мырза негізгі мектебі» КМК  
alem99\_99@mail.ru

**Аннотация.** Обеспечение педагог-тренеров приемами борцовской тактики является основой спортивного мастерства борцов. Постоянное совершенствование и обогащение методов педагогами и тренерами является обязательным условием совершенствования тактических навыков. Если борец сможет использовать хотя бы один новый прием в борьбе, то круг его тактических действий будет расширен. Потому что, казахская борьба - одна из самых ранних спортивных игр казахского народа. По сравнению с национальными видами борьбы других народов, казахская борьба имеет свои особенности.

**Ключевые слова:** педагог-тренер, тактика борьбы, учебный процесс, спортивное мастерство, тактическое действие, методы в учебном процессе.

**Abstract.** Providing teacher-trainers with techniques of wrestling tactics is the basis of sportsmanship of wrestlers. Continuous improvement and enrichment of methods by teachers and trainers is a prerequisite for improving tactical skills. If the wrestler can use at least one new technique in wrestling, then the range of his tactical actions will be expanded. Because the Kazakh struggle is one of the earliest sports games of the Kazakh people. Compared to the national types of struggle of other peoples, the Kazakh struggle has its own characteristics.

**Key words:** teacher-trainer, wrestling tactics, educational process, sportsmanship, tactical action, methods in educational process.

Қазақ күресі - қазақ халқының ерте кезден қалыптасқан спорт ойындарының бірі. Басқа халықтардың ұлттық күрес түрлерімен салыстырғанда қазақша күрестің өзіндік ерекшеліктері көп.

Қазақша күрестің тактикасы дегеніміз - палуанның техникалық жан- жақты дайындығы және ерік күші мүмкіндіктерін шебер пайдалану. Мұның өзінде жарыстардағы нақты жағдайларда қарсыласының ерекшеліктері де есепке алынады [1, 10б.].

Педагог-жаттықтырушыларды күрес тактикасы техникасымен қамтамасыз ету палуанның да спорттық шеберлігінің негізі болып табылады. Педагог-жаттықтырушылардың техниканы ұдайы жетілдіріп байыта түсуі - тактикалық шеберлікті арттырудың міндетті шарты. Егер палуан күрескен жағдайда ең болмағанда, бір жаңа әдіс қолдана алатын болса, онда соған сай оның тактикалық әрекетінің шеңбері де кеңі түседі.